




ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Түркі семинары
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова КН МОН РК
Тюркский семинар



**«ЕДІГЕ ТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ»**

*Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған
Халықаралық ғылыми-теориялық конференция*

**МАТЕРИАЛДАРЫ
20 маусым, 2018 жыл**

МАТЕРИАЛЫ

*Международной научно-теоретической конференции,
посвященной 75-летию со дня рождения Е.Д.Турсунова*

**«НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ ЕДІГЕ ТУРСУНОВА И ГУМАНИТАРНАЯ НАУКА
КАЗАХСТАНА»
20 июня, 2018 года**

Алматы, 2018

УДК 001(063)
ББК 72
Е 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ
ТҮРКІ СЕМИНАРЫ

Жауапты редактор: филология ғылымдарының докторы Б.У.Әзібаева
Құрастырған: филология ғылымдарының кандидаты Ж.С. Рақыш

Е 31 Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы және Қазақстан гуманитарлық ғылымы: Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Научное наследие Едыге Турсунова и гуманитарная наука Казахстана: Материалы Международной научно-теоретической конференции, посвященной 75-летию со дня рождения Е.Д. Турсунова. – Алматы, 2018. – 160 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-230-078-9

Жинақта «Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасы және Қазақстан гуманитарлық ғылымы» атты Е.Д. Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға ұсынылған баяндамалар жарияланды. Авторлар өз мақалаларында Едіге Тұрсыновтың ғылыми мұрасының Қазақстан фольклортану, әдебиеттану және өнертану, мәдениеттану саласын дамытудағы ролін анықтайды. Гуманитарлық ғылымдар мәселелеріне қызығатын қауымға арналған.

В сборнике опубликованы доклады, представленные на международной научно-теоретической конференции «Научное наследие Едыге Турсунова и гуманитарная наука Казахстана», посвященной 75-летию со дня рождения Е.Д. Турсунова. Авторы статей раскрывают роль научного наследия Едыге Турсунова в развитии фольклористики, литературоведения и искусствоведения, культурологии Казахстана. Предназначено всем, кто интересуется проблемами гуманитарной науки.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-601-230-078-9

© М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2018

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС – ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

<i>Қалижанов У.Қ.</i> Кіріспе сөз	5
<i>Әзібаева Б.У.</i> Едіге Тұрсыновтың ғылыми концепциялары мен методологиясы ХХІ ғасыр ғылымының контексінде.....	7
<i>Ыбраев Ш.</i> Едіге Тұрсынов зерттеулеріндегі қазақ фольклорының теориялық мәселелері	14
<i>Керім Ш.</i> Едіге Тұрсынов еңбектеріндегі бақсы типінің зерттелуі	19
<i>Мухамбетова А.И.</i> Генология музыкально-поэтической культуры казахов и её профессиональные носители (онтогенез и филогенез).....	23
Приветствие профессора <i>И.И. Земцовского</i>	34
Выступление профессора <i>Алмы Кунанбаевой</i>	35
<i>Наурызбаева А.Б., Жанобаев К.</i> Роль Е. Турсунова в коллективном исследовании «Жырау: статус, функции, культура, мировоззрение».....	36
<i>Елеманова С.А.</i> Этномузыковедение и наследие Е.Д.Турсунова.....	43
<i>Жанобаев К.</i> Научная биография доктора филологических наук Едыге Даригуловича Турсунова.....	47
<i>Тода Норико.</i> Қазақ өнерпаздарының сикырлығына жол ашқан үлкен ғалымды еске алу	54
<i>Абишева С.Д.</i> Мифопоэтическая картина мира М. Макатаева	55

**ФОЛЬКЛОРТАНУ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ СЕКЦИЯСЫ – СЕКЦИЯ
ФОЛЬКЛОРИСТИКИ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

<i>Хусаинова Г.</i> Башкирский народный эпос «Кузыйкурпяс и Маянхылу»: о записях 30-х годов ХХ века.....	61
<i>Юлдыбаева Г.В., Хакимьянова А.М.</i> Полевая фольклористика в Башкортостане (по материалам экспедиций ИИЯЛ УФИЦ РАН)	67
<i>Кульсарина И. Г., Кульсарин Н. Г.</i> Отражение межэтнических связей в фольклоре Республики Башкортостан.....	72
<i>Пангереев А.Ш., Жұмағалиева Р.Р.</i> Ғалым Едіге Тұрсынов зерттеулеріндегі фольклортану мәселелері	75
<i>Әбжет Б.</i> Түркі халықтары фольклорының генезисін зерттеудегі Е.Тұрсыновтың ролі ..	78
<i>Рақыш Ж.</i> Қазақ сатиралық ертегілері туралы Е.Тұрсыновтың тұжырымдары.....	82
<i>Шота Қ.Н.</i> Едіге Тұрсынов – фольклорист ғалым.....	86
<i>Дәрібайұлы С.</i> Беташар өлеңдерінің этнографиялық негіздері	90
<i>Қурманбаев Е.А.</i> Фольклор и этногенез в творчестве Едыге Турсунова.....	94
<i>Жанобаев К., Тургенбаева А.</i> Два подхода к проблеме происхождения казахской эпической традиции.	100
<i>Жүнісова М.</i> М.Қашқари сөздігіндегі ауыз әдебиеті үлгілері (зерттелуі, тәржімалануы, басылымдары)	112

РАҚЫШ Жұмашай Сайлауқызы,

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«Қолжазба және текстология» ғылыми-инновациялық бөлімінің жетекші ғылыми
қызметкері, филол. ғ.к.*

ҚАЗАҚ САТИРАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ ТУРАЛЫ Е.ТҰРСЫНОВТЫҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Едіге Тұрсынов – қазақ фольклортануы ғылымында тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін, дәнекерші, бақсы, ақын, болжаушы абыз, сыншы, жырау, сал, сері сияқты ауыз әдебиетін жасаушылардың пайда болу және қалыптасу тарихын, көне түркі фольклорының бастауларын, Қорқыт туралы аңыздың түпкі мазмұнын типологиялық тұрғыда зерттеуде үлкен табыстарға қол жеткізіп, отандық фольклортану ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Оның есімі түркі фольклортануы, тіпті әлемдік гуманитарлық ғылым саласында мойындалған ғалым ретінде белгілі. Қазақ даласындағы байырғы сал-серілер сияқты айрықша тағдыр иесі, ауыр кеселді жеңе білген азамат.

Ғалымның сатиралық ертегілерді зерттеуі КазПИ-дің тарих-филология факультетінде оқыған жылдары басталған, оның ұстазы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҒА корреспондент-мүшесі Нина Сергеевна Смирнованың жетекшілігімен фольклор жинаумен және зерттеумен айналысады. 1964 жылы бесінші курста С.Қасқабасовпен бірігіп жазған «Ертегіші Шалқарбай Дауылбаев» деген алғашқы ғылыми еңбегі С.Мұқановтың 60 жылдығына арналған «Қазақ филологиясының мәселелері» жинағында жарық көрді [1], онда қос автор қазақ ертегілерінің тегіне, ертегілік дәстүрдің қалыптасу тарихына тоқталған.

Қазақ фольклортану ғылымына профессор Н.С.Смирнова талантты шәкірттері Сейіт Қасқабасов пен Едіге Тұрсынов арқылы кәсіби фольклортанушылар буынын тәрбиелеп шығарды. Олар құрастырған «Г.Н.Потанин

жинаған қазақ фольклоры» (1972) атты архив материалдары мен жарияланымдардан тұратын жинақ, «Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері: аңыздар, аңыз-әңгімелер, ертегілер және мысалдар» (1979) деп аталатын ғылыми басылым эдициялық талаптарға толық жауап беретін, ғылыми аппараты сапалы құрастырылған басылым ретінде бағаланады.

«Казахская бытовая сатирическая сказка» тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысындатұңғыш рет тұрмыс-салт ертегілері құрамындағы қазақтың сатиралық ертегілерінің жанрлық сипаттамасын жасады [2]. Қазір қазақ ертегілерін жанрлық және сюжеттік құрамы жағынан бес түрге бөлу қалыптасқан, олар: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер, новеллалық ертегілер, сатиралық ертегілер.

Орыс фольклортануында Ф.И.Буслаев, А.Н.Веселовский, А.И.Никифоров, Ю.М.Соколов, Б.М.Соколов, М.К.Азадовский, В.Я.Пропп, Е.М.Мелетинский, Э.В.Померанцева, В.П.Аникин, И.И.Крук, С.Г.Лазутин, Н.И.Кравцов, В.А.Бахтина т.б. еңбектерінде ертегі жанры жан-жақты талданған.

Ал қазақ ертегітану ғылымының тарихнамасын Е.Тұрсынов «Қазақ фольклористикасы» жинағына енген «Ертегілер» тарауында алғаш рет жүйелі қарастырды [3]. Ол жиырмасыншы жылдарда ертегілерді жинап, оларға анықтама беріп жарыққа шығару ісінен бастау алатынын айтқан. Дегенмен ол кезде Алаш қайраткерлерінің фольклорлық

шығармаларды жинау, жариялау, зерттеу саласына сіңірген еңбегі орасан екеніне тереңірек талдау жасауға мүмкіндік болмағаны түсінікті. Алаш қайраткерлері «Әбубәкір ақсақал» деп құрмет тұтқан Диваевтың қазақ ертегілерін топтастыруға жасаған қадамын жоғары бағалай келіп, тақырып жағынан топтастырудағы кемшіліктерін, негізінен тұрмыс-салт ертегілерді ғана ескергенін атап көрсетеді.

М.Әуезовтің ертегілерді қазақ халқының қадім заманнан келе жатқан төл туындысы ретінде қарастырғанын айта келіп (Қызылорда, 1927), кеңес кезеңінде бұл бағыттағы зерттеулердің өріс алмағанына қынжылыс білдіреді. Десек те І.Жансүгіровтің «Өтірік» жинағына жазған алғысөзде (1927) ертегілердің тәрбиелік мәніне көңіл аударғанын, ал С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабында (1933) ертегілердің тақырыптарын, кейіпкерлерін, тілдік ерекшеліктерін талдағанын сөз етеді. Ғалым ХХ ғасырдың бас кезінде кең өріс алған «сюжет сіңіру» теориясын қазақ ертегілерін зерттегенде қолданған П.А.Фалевтің пікірінің қателігін дәлелдейді.

Б.Кенжебаевтың «Қазақтың ертегілері туралы» мақаласын (1940) қазақ ертегітануындағы алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағалап, ертегілерге тән «оқиғаны кезегімен баяндау» заңын және қиял-ғажайып ертегілері композициясының бір типтес келетіндігін орыс ғалымы В.Проптан көп жыл бұрын айтқанына мән береді [3, 77].

М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» көлемді мақаласында ертегілерді бес топқа бөліп, кейіпкерлер жүйесі, әр топтағы ертегілердің тақырыбы мен негізгі сипаттары зерделенген. Едіге Дәріғұлұлы бұлай жіктеудің даулы тұстарына тоқталып, жіктеуде жүйеліліктің жоқтығына, біресе негізгі кейіпкерлеріне қарай, біресе тақырыбына қарай топтастырудың қисынсыз екенін, М.Әуезовтің жұмысшылар арасында айтылып жүрген ертегілерде әлеуметтік мысқыл элементі басым келетінін байқағанын көрсетеді. Сонымен қатар «аңыз-

ертегі» деген терминнің қолданылуына шүбә келтіріп, Қорқыт, Асанқайғы туралы әңгімелерді аңыздар тобына қосуды ұсынады..

Е.Ысмайыловтың «Қазақ ертегері туралы» деген мақаласында ертегі тақырыптарын, кейіпкерлері мен көркемдік ерекшеліктерін сипаттап, ертегілерге жалпы шолу жасағанын, «Ақындар» атты монографиясында ерекшеліктер тұлғасына арнайы тоқталып, олардың ертегінің тек бір түрін айтуға машықтанатынын айтады.

Е.Ысмайыловтың М.Әуезовпен бірігіп «Қазақ ертегілерінің» 1-томына жазған алғысөзінде қазақ ертегілерін үш топқа жіктегенін айта келіп, «шыншыл ертегілер» деп атаудың бұрыстығын, ертегі табиғатын жете түсінбеуден туындаған кемшілік екенін аңғартады. Шынында да Э.В.Померанцеваның анықтамасы бойынша, ертегі – қиялға негізделген ауызша прозалық әңгіме, яғни ауызша әңгіменің қиялға негізделуі басты назарға алынады [4].

М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» зерттеуінде ертегіге арнаулы тарау берілгенін, басқа жанрлармен байланысы, ерекшеліктер жөнінде, ертегінің ғибраттылығы жайлы кеңінен айтылғанын сараптайды.

Е.Костюхиннің «Записи русских сказок в архиве А.Н.Белослюдова» мақаласында қазақтың қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері құрылысының мығым еместігінің себебі оның жанрларының жетілмей қалғандығынан деп таныса, Е.Тұрсынов оны әбден жетіліп болып, «қартайып», құрылысын бекем ұстап тұрған «шегелерінің» босаңқырай бастағанының белгісі деп тану қажеттігінен іздейді.

Ол Е.М.Мелетинский мен В.П.Аникиннің түркі-монғол халықтарының фольклорына сай келмейтін пікірлерінен алшақ болудың қажеттігін ұсынады, С.Қасқабасовтың мақалаларындағы жалмауыз кемпір, кенже бала бейнелерінің шығу тегіне қатысты өз пікірін ұсынады, оны минорат, майорат кезіндегі әдет-ғұрыптармен ғана емес, дуалистік ұғымдардың ауыз әдебиетінде қалыптастырған дәстүрімен байланыста

қарастырады. Ол Е.Костюхиннің диссертациясында әдеби және фольклорлық дәстүрдегі Александр Македонский бейнесінің өзгеру заңдылықтарын, Абайдың «Ескендір» поэмасындағы жаңашылдық көрінісі танылғанын, ал С.Қасқабасовтың диссертациясында қиял-ғажайып ертегілерінің жанрлық ерекшелігі толық сипатталғанын жоғары бағалайды.

Е.Тұрсынов осы мақаласы арқылы қазақ ертектану ғылымының едәуір қалыптасқанын дәлелдейді [4]. Жалпы «Қазақ фольклористикасының тарихы: (Революцияға дейінгі кезең)» және «Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII-XXI ғасырдың басы» атты іргелі зерттеу еңбектерде көрнекті фольклортанушы ғалымдардың қазақ ертегілерін зерттеу тарихнамасы қарастырылды [5].

Ғылыми ойға қозғау салған 1973 жылғы «Генезис казахской бытовой сказки (в аспекте связи с первобытным фольклором)» атты еңбегінде зерттеуші тұрмыс-салт ертегілерінің кеш пайда болған деген пікірдің қателігін барлық түркі-моңғол халықтарының, сондай-ақ көптеген әлем халықтарының фольклорлық материалдарын пайдалана отырып, этнография, археология, тарих, тіл білімі, мәдениеттану ғылымдарына сүйене отырып, фольклорды кешенді зерттеу әдісін қолданып, дәлелдеді [6].

Автор қазақ тұрмыс-салт ертегілерінің генезисін алғашқы қауымдық қоғамдағы мифтік және тотемдік түсініктермен байланыста зерттеді. Ғалым ертегінің жанраралық түрлерін, тұрмыс-салт ертегілерінің сюжеттік құрамының толығы жолдарын, кейіпкерлер образдарын жан-жақты қарастырды.

Дуалистік мифке тән айлакерлік және әжуалау мотиві «Алдар көсенің шайтанды алдауы» ертегісінде көрініс тапқанын, ағайындылардың бірінші туылғаны жөнінде таласуы бұрынғы дуалистік түсініктің өзгеріске түскенін байқатады. Осылайша Едіге Тұрсынов дуалистік мифологияның сюжеттерінің басқа жанрларға ауысуы

мезолит дәуірінде, дуалдық ұйымдар ыдырай бастағанда пайда болғанын дәлелдейді.

«Момынбай мен жеті қарақшы туралы», «Тоғыз Тоңқылдақ, бір Шіңкілдек» ертегілерінде қарама-қарсы фратрияға жататын дуалистік кейіпкерлердің сипаты сақталғанын айта келіп, дуалистік миф пен салт әңгімелерінен тұрмыс-салт ертегілері туындайды деп жалаң түсінуге болмайтынын пайымдайды.

Ғалым фратрияның ру басылары ретіндегі ағайындылар туралы айтылатын дуалистік мифтердің мотивтері шежірелік аңыздарға, қаскөй күштер мен жақсылықтың қарама-қарсылығы – шамандық мифологияға, жоғарғы күштің батырлық іс-қимылдары батырлық эпосқа, ақылды бауырға еліктеген ақымақ бауырдың күлкілі жағдайға тап болуы, айлакерлік мотиві, жолы болғыш, епті кісінің әрекетін ебедейсіз әрі икемсіз қарсыластың қайталауға тырысуы біртіндеп анекдот пен сатиралық ертегіге айналатынын көрсетіп берді.

Едіге Дәріғұлұлы теке мен қошқар туралы және адам мен ақымақ дәу туралы ертегінің сюжетінде сатиралық элементтің күшейтілгенін сараптайды. «Ұр, тоқпақ» ертегісіндегі ғажайып сыйлықтар туралы сюжет қиял-ғажайып элементтері бар тұрмыс-салт ертегілеріне жатады деп санайды [7]. Ол сатиралық ертегілердің кейіпкерлер жүйесін, олардың генезисін, қызметін ежелгі дүниетанымдық көзқарастармен, тарихи формациялық өзгерістермен байланыстыра отырып зерттейді. Ертегі оқиғасындағы күлкілі жағдайдың уытты сатираға ұласу жолдарын нақты, бұлтартпас дәлелдермен анықтайды.

Тұрмыс-салт ертегілерін зерттеу барысында автор көптеген әдістемелік ұстанымдар ұсынды, түркі-моңғол халықтары, Сібір, Солтүстік Азия, Австралия, Оңтүстік-Шығыс Азиямен Африка халықтарының фольклоры мен этнографиясына қатысты материалдарды ұтымды пайдаланған. Осыған қарағанда Е.Тұрсыновтың «Генезис казахской бытовой сказки» атты монографиясы тарихи-

типологиялық зерттеу болып табылады.

Осындай теориялық еңбектермен қатар «Бозінген» (1984, 1986), «Құйыршық» (1984, 1985), «Аяз данышпан» (1987), «Золотая бита» (1983), «Қазақтың халық ертегілері» (1986) атты ертегіге арналған фольклорлық жинақтарды құрастырып, жариялауға өз үлесін қосты.

Едіге Тұрсынов аталған зерттеулерінде сатиралық ертегінің жанрлық ерекшелігін

ғылыми дәйектілікпен анықтап берді. Оның сатиралық ертегілер жөніндегі теориялық еңбектерімен қатар жалпы ертегітану ғылымы мен Қорқыт жөніндегі зерттеулері, ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерін зерделегені, фольклорлық мұраны жинауы, жалпы артында қалдырған күрделі ғылыми мұрасының маңызы мен мәнін зерделеу келешекте ғылыми жұмыстардың нысанына айналдыру қажеттігі туындайды.

Әдебиеттер

1 Турсунов Е., Каскабасов С. Сказочник Шалкарбай Данылбаев // Вопросы казахской филологии. – Алма-Ата, 1964. – С. 184-196.

2 Турсунов Е.Д. Казахская бытовая сатирическая сказка: Автореф. дис. на соискание ученой степени канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1968.

3 Тұрсынов Е.Д. Ертегілер // Қазақ фольклористикасы. – Алматы: Ғылым, 1972. – 74-86 б.

4 Померанцева Э.В. Русская народная сказка. – М., 1963.

5 Қазақ фольклористикасының тарихы: Революцияға дейінгі кезең. Ұжымдық еңбек / Жауапты ред. Р.Бердібаев. – Алматы: Ғылым, 1988; Қазақ фольклортануының тарихы: XVIII-XXI ғасырдың басы. Ұжымдық монография / Жауапты ред. Б.Әзібаева. – Алматы: «Service Press», 2017.

6 Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки (В аспекте связи с первобытным фольклором). – Алма-Ата, 1973.

7 Турсунов Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки (В аспекте связи с первобытным фольклором). Издание второе, исправленное и дополненное. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.



**«ЕДІГЕ ТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМЫ»**

*Е.Д.Тұрсыновтың туғанына 75 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ*

МАТЕРИАЛЫ

*Международной научно-теоретической конференции, посвященной 75-летию со дня рождения
Е.Д.Турсунова*

**«НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ ЕДЫГЕ ТУРСУНОВА И ГУМАНИТАРНАЯ НАУКА
КАЗАХСТАНА» MATERIALS**

**Оргкомитет конференции не несет ответственность за содержание публикуемых статей.
Ұйымдастыру комитеті жарияланып отырған мақалалардың мазмұнына жауап бермейді.**

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының
компьютер орталығында беттелді

Редакторы	Жолдас САРМАНОВ
Көркем. редакторы	Құралай РЫСҚАЛИЕВА
	Салтанат ОТАРБАЕВА

Басуға 06.12.2018 қол қойылды.
Пішімі 84x108 Қаріп түрі
“Times New Roman”. Көлемі 10 баспа табак.
Таралымы электронды түрде. Тапсырыс №90

Алматы қаласы, Жібек Жолы 50
“Үш Қиян” баспасының баспаханасында басылды.
Тел: 393-29-38